

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ, БУРАБАЙ АУДАНЫ

Бекітемін:

№ 9 мектеп-гимназия директоры

_____ **Б.Кушекова**

«___» _____ **20__ ж**

№ 9 мектеп-гимназиясы

2023-2024 оқу жылына арналған

Кәсіптік бағдар беру жұмысының

жоспары:

Щучинск қаласы

2024 жыл

Түсінік хат

«Қаламаған мамандықпен айналысамын деп бекерге жаныңды кинаудың қажеті жоқ. Мамандықты да құрғақ есеппен емес, махаббатпен іске асырған жөн....»

Каруки Мураками

Оқушылардың кәсіби бағдар мәселесіндегі ерекше орын білім алушының үнемі мектепте айналысатын оқу-тәрбие процесіне тиесілі. Оқу процесіндегі кәсіби бағдар – оқушыларға оқу процесі барысында мамандықтар туралы кеңес беру және оларды ақпараттандыру. Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен икемділіктерінің деңгейі нақты оқу әрекетіне тікелей тәуелді. Жалпы білім беретін пәндердің оқу материалының мазмұны кәсіби бағдар беру мақсатында қолданылуы мүмкін. Мұғалім оқушыларға пән бойынша білім беруде мамандықты табысты игеруге қажетті білімді түсіндіреді. Мектеп оқушылары биология, география, химия, физика, тарих, қоғамтану, әдебиет пәндері бойынша сабақтар барысында мамандықтар туралы негізгі ақпараттармен, еңбек ету жағдайымен, қоғамдағы орнымен, маңыздылығымен танысады. Әр оқу пәні мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру міндетін шешуде сол пән шеңберіндегі мүмкіндіктер мен құралдарды қолданатыны түсінікті жайт. Егер физиканы, химияны, биологияны оқытуда пәндердің оқу материалы мазмұнымен қатар мамандықтардың сипатын ашуға бағытталса, қоғамтану, әдебиет, экономиканы оқытуда адамның таңдаған мамандығы бойынша өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін жүзеге асыру мен өзін-өзі таныту мүмкіндіктері, еңбек, өндіріс, еңбекақыны ұйымдастыру секілді мәселелерге басымдылық беріледі. Осы және басқа да ұғымдарды оқу пәндерімен қатар түсіндіру оқушының кәсіби өзін-өзі анықтауына тікелей қатысы бар және кәсіби бағдар мәселесін шешуге көмектеседі.

Кәсіби бағдар жұмысының негізгі қағидаттары, мақсаты мен міндеттері

Мектептегі кәсіби бағдар жұмысына барлық ұжым болып кіріскенде және бірқатар қағидаттарды ұстанғанда ғана тиімді болатынын ескеру маңызды:

1. Жүйелелік және сабақтастық – кәсіби бағдар жұмысы тек жоғары сынып оқушыларына ғана жүргізілуімен шектелмеуі тиіс. Бұл бастауыш сыныптан басталып мектепті бітіргенше үздіксіз әрі жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.
2. Оқушылардың жас ерекшелігіне, олардың мамандыққа және еңбекке деген қызығушылықтарының қалыптасуы мен сабақ үлгерімінің деңгейіне, өмірлік жоспарлары мен құндылық бағдарларының айырмашылықтарына сай саралау және даралау.
3. Оқушылар мен олардың ата-аналары арасында жүргізілетін кәсіби бағдар беру жұмысының жаппай, топтық және жеке формаларының оңтайлы үйлестіру.
4. Мектептің, отбасының, кәсіби оқу орындарының, жастарға кәсіби бағдар беру орталықтарының, қоғамдық/кәсіби жастар ұйымдарының, әлеуметтік серіктестердің өзара байланысы.
5. Кәсіби бағдар жұмысының өңір және елдегі еңбек нарығымен байланысы (қоғамдағы маман қажеттілігімен табиғи бірлігі).

Мектептегі кәсіби бағдар жұмысының мақсаттары:

1. Оқушылардың еңбекке деген саналы қатынасын, тұлғалық ерекшеліктерін, қабілеттері мен қызығушылықтарын және өңір мен елдегі еңбек нарығының талаптарын ескере

отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі шеңберінде кәсіби өзін-өзі айқындауын қалыптастыру.

2. Оқушыларға кәсіби бағдар беруде болашақ мамандығы мен оқыту бейінін таңдауға, сонымен қатар болашақ кәсіби мансабын жоспарлауға қолдау көрсету.

Кәсіби бағдар жұмысының негізгі міндеттері:

1. Оқушыларды оқыту бейіні бойынша бөлу үшін олардың бейімділіктері, қабілеттері, қызығушылықтары туралы объективті мәліметтер жинау;
2. Элективті курс сабақтары мен тәрбие жұмысында қолданылатын оқытудың кешенді және дәстүрлі емес формалары мен әдістері есебінен бейіндік оқытудың вариативтілігінің кең ауқымын қамтамасыз ету;
3. Жұмысқа орналасу қиындығын болжауға оңай болатын кейбір оқушылар топтарына яғни, түзету мектептері мен сынып оқушыларына қолдау көрсету;
4. Жоғары сыныптар арасында қосымша және кәсіби білім беру мекемелерімен, өңірлік кәсіпорындармен ынтымақтастықтың икемді жүйесін әзірлеу;
5. Ата-аналарды мектеп оқушыларының бойында өмірдің әртүрлі салаларына деген өмірлік қызығушылықтарын кеңейту, басым қызығушылықтарын қалыптастыру мен кәсіби бағдар беру жұмысына жұмылдыру;



Кәсіптік бағдар беру мақсатында мектеп оқушыларымен өзара іс-қимыл нысандары:

- ❖ Пәндік олимпиадаларға қатысу
- ❖ Түрлі бағыттағы конкурстарға, жобаларға, жарыстарға қатысу
- ❖ Жоғары сынып оқушыларына сауалнама жүргізу және тестілеу
- ❖ Кәсіптік бағдар беру ойындар



Бурабай ауданы, Щучинск қаласы,

№ 9 мектеп-гимназия

2023-2024 оқу жылындағы

Педагог кәсіби бағдар берушінің жұмыс жоспары

| № | Іс-шара мазмұны | сынып | мерзімі | жауапты |
|----|---|-------------------|-----------|--|
| 1 | кәсіптік бағдар беру кабинетіндегі материалдарды жаңарту және өзекті ақпаратпен жүйелі қамтамасыз ету бойынша әдістемелік материалдармен толықтыру, жылдық жоспар құру бекіту | 5-11 | Қыркүйек | Педагог-кәсіби бағдар беруші |
| 2 | «Мені қызықтырған мамандық» тақырыбында сынып сағаты Оқушылардың бейіндік ниеттерін зерттеуге арналған алғашқы диагностика | 5-11 10-11 | қазан | Сынып жетекшілер Педагог-кәсіби бағдар беруші |
| 3 | Оқушыларға жоғары, орта оқу орындарынан «Ашық есік» күндерін өткізу (ЖОО мен колледжлермен кездесу) | 9-11 | Жыл бойы | Педагог-кәсіби бағдар беруші |
| 4 | Кәсіби бағыттылықты анықтау мақсатында оқушыларға тестілеу мен сауалнама жүргізуді ұйымдастыру | 9-11 | қазан | Педагог-кәсіби бағдар беруші |
| 5 | Қоғамға қажетті мамандықтар жайлы ақпараттармен таныстыру | 7-11 | қараша | Педагог-кәсіби бағдар беруші |
| 6 | Ұстаздық саласының мамандықтарымен кездесу Көкшетау қаласындағы Шоқан Уалиханов атындағы университетке экскурсия | 9-11 | қараша | Педагог-кәсіби бағдар беруші |
| 7 | Психологиялық тренинг | 11 | желтоқсан | Мектеп педагог-психологі |
| 8 | «Мамандықты дұрыс таңдаудағы ата-ананың рөлі» ата-аналармен кездесу өткізу | 10-11 | қантар | Педагог-кәсіби бағдар беруші |
| 9 | «Не? Қайда? Қашан?» атты мамандық туралы викторина | 10-11 | ақпан | Педагог-кәсіби бағдар беруші |
| 10 | ҚР ҚМ Шоқан Уалиханов атындағы кадет корпусының мамандарымен кездесу ұйымдастыру | 10-11 | Наурыз | Педагог-кәсіби бағдар беруші |
| 12 | Кітапханада «Мен мамандықты таңдаймын» стендін ақпараттық материалдармен толықтыру. | 9-11 | наурыз | Педагог-кәсіби бағдар беруші |
| 13 | Оқушылардың бейіндік ниеттерін зерттеуге арналған диагностика | 7-11 | сәуір | Педагог-кәсіби бағдар беруші |

| | | | | |
|----|--|------|-------|------------------------------|
| 14 | «Мен таңдаған мамандық» талапкерлерге арналған анықтамалық жұмыс | 9-11 | мамыр | Педагог-кәсіби бағдар беруші |
|----|--|------|-------|------------------------------|